



**Қазақстан Республикасында өлім жазасын жою туралы мәселесін қарау жөнінде Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы Комиссия мүшелері, Адам құқықтары мен заңдылықты сақтау жөніндегі Қазақстан халықаралық бюросының директоры Е.А. ЖОВТИС және «Адам құқықтары үшін Хартиясы» Қоғамдық қорының Атқару директоры Ж.Ө. ТҰРМАҒАМБЕТОВАНЫҢ «Өлім жазасы мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы»¹ Заң жобасына
ЕСКЕРТПЕЛЕРІ**

«Қазақстан Республикасы Конституциясына өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы» 2007 ж. 21 мамырдағы Қазақстан Республикасы Заңымен енгізілген түзетулерге сәйкес, заң лаңкестікке, адамдар өліміне қатысты қылмыстар үшін, сонымен қатар, соғыс кезінде аса ауыр қылмыс жасағаны үшін ең қатаң жаза ретінде өлім жазасын көздеп, сотталғанға рақым сұрау құқығын береді.

Осыған байланысты, «Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне өлім жазасы мәселелері бойынша өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы» Заң жобасына (әрі қарай **Заң жобасы**) берілген Түсіндірмеге² сәйкес, заң жобасын қабылдау мақсаты қазіргі заң құжаттарын жетілдіру, оны Қазақстан Республикасы Конституциясына сәйкес келтіру және адамның өмір сүру басты құқығын қамтамасыз ету болып табылады.

Заң жобасына сәйкес, өзгертулер мен толықтырулар ҚР Қылмыстық кодексі мен ҚР Қылмыстық іс жүргізу кодексінің бірқатар баптарына енгізіледі.

2008 ж. 3 наурыздағы жағдайға **Заң жобасына концепция жағынан да, редакциялау жағынан да төменде келтірілген бірқатар ескертпелер бар.**

I

1994 ж. бастап, бәрі мойындаған халықаралық бағытты ұстана отырып, Қазақстан Республикасы өлім жазасын біртіндеп жою саясатын жүргізіп келе жатыр.

Құқықтық реформаның бірінші кезеңінде 1997 ж. жаңа Қылмыстық кодексті қабылдау нәтижесінде заң құжаттарында өлім жазасы көзделетін қылмыстардың саны екі есе азайған.

Қазақстан Республикасының 2002 ж. 20 қыркүйектегі Құқықтық саясат Концепциясында «өлім жазасын қолдану аясын біртіндеп шектеу» бағыты бекітілген.

¹ 2008 ж. 3 наурыз жағдайдағы «Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне өлім жазасы мәселелері бойынша өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы» Заң жобасын қараңыз.

² «Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне өлім жазасы мәселелері бойынша өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы» Заң жобасына Түсіндірмені қараңыз.

Республика Президенті 2003 ж. 19 желтоқсанда **өлім жазасын толық жою мәселесі шешілгенше**, оны орындауға мерзімсіз мораторийді жариялады.

Өлім жазасына балама ретінде 2004 ж. наурыз айында өмір бойы бас бостандығынан айыру енгізілген.

2007 ж. мамыр айында ҚР конституциясының 15-б. өзгерістер енгізу нәтижесінде өлім жазасы қолданылуы **мүмкін** аясы елеулі шектелген. Енді ол заң лаңкестікке, адамдар өліміне қатысты қылмыстар үшін, сонымен қатар, соғыс кезінде аса ауыр қылмыс жасағаны үшін ең қатаң жаза ретінде көзделіп, сотталғанға рақым сұрау құқығы беріледі.

Өлім жазасын жою мәселесін біртіндеп шешу жөнінде таңдалған бағыт шеңберінде Қазақстан Республикасы 2006 ж. 19 желтоқсанда БҰҰ Бас Ассамблеясының 61-сессиясында жасалған Еуропа Одағының өлім жазасын жою туралы Мәлімдемесіне қосылды.

Қазақстан 2007 ж. 18 желтоқсанда мақұлданған «Ең жоғарғы жазаға мораторий салу және кейінде өлім жазасын жою мүмкіндігін қарау» атты БҰҰ Бас Ассамблеясы 62-сессиясының резолюциясын да қолдады. Бұл резолюцияны 104 мемлекет қолдап, 54-і қарсы болды, ал 29 қалыс қалды.

2005 ж. қарашада Қазақстан Республикасы Азаматтық және саяси құқықтар туралы Халықаралық пактіні (АСҚХП) ратификациялап, 2007 ж. соңында АСҚХП-ң өлім жазасын жоюға бағытталған Екінші Қосымша Хаттамасын ратификациялау мәселесі туды.

Бұл жерде екі мүлдем бөлек көзқарас анықталды:

- 1. Қылмыстық және қылмыстық іс жүргізу заң құжаттарын ҚР Конституциясына 2007 ж. мамырда енгізілген өзгерістерге формалды түрде сәйкес келтіру және осыған орай, АСҚХП-ң өлім жазасын жоюға бағытталған Екінші Қосымша Хаттамасын ратификациялауға көзге көрінерлік кедергі жасау. Өйткені, ол бір шартты ғана көздейді, яғни, соғыс кезінде жасалған аса ауыр қылмыстар үшін өлім жазасы қолданылатынын.**
- 2. Өлім жазасын Қазақстан Республикасы заң құжаттарынан толық алып тастау және сол арқылы АСҚХП-ң өлім жазасын жоюға бағытталған Екінші Қосымша Хаттамасын ратификациялауға кез келген кедергілерді жою.**

Осындай әртүрлі көзқарас ҚР Конституциясының 15-б. 2007 ж.15 мамырда енгізілген өзгерістер өлім жазасын біртіндеп жою мәселесін шамалы алға жылжитқанына қарамастан, біздің ойымызша, жартылай жасалып, бірізді болмағандықтан пайда болды.

Өткізілген халықаралық зерттеулер, сонымен қатар, ҚР Жоғарғы соты мен бас прокуратурасы ұсынған ақпараты өлім жазасы аса ауыр қылмыстардың алдын алуда шектеу факторы болып табылмайтынын анық көрсетеді. Оның ешқандай сенімді дәлелі жоқ.

Сол ақпаратқа сүйенсек, соңғы жылдары өлім жазасы тек ҚР ҚК-ң 96-б. 2-т. бойынша, яғни, ауырлататын жағдайда адам өлтіргені үшін. Ал, өлім жазасы тағайындалатын лаңкестік немесе әскери қылмыстар Қазақстанда жасалған жоқ.

Сондықтан, ауырлататын жағдайда кісі өлтіргені үшін өлім жазасын алып тастап, осы жаза түрін тағайындаған үкімдердің 100% жуығы нақты осы қылмыспен байланысты екенін ескерсек, аса ауыр қылмыстарға жатып, олардың елеулігін халықаралық қауымдастық мойындағанымен, өлім жазасын Қазақстанда жасалмайтын қылмыстар үшін қалдыру ақылға сыймайды.

Халықаралық құқықтың бүгінгі теориясы мен тәжірибесі адам құқықтарын қайсыбір шектеу, оның ішінде қылмысты шектеуге үшін репрессия қолдану біздің елімізде қазіргі уақытта әлеуметтік не қоғамдық керектігі бар болғанда ғана жүзеге асырылуы мүмкін деп көрсетеді.

Ал, осы жаза түрін «болашаққа», керек болғанда алдын алу шарасы ретінде сақтап қалу ел басшылығының өлім жазасын біртіндеп толығымен жою бойынша саяси ерігімен келіспейді.

ҚР Конституциясының 15-б. 2-т. сәйкес (ҚР 2007 ж. 21 мамырдағы № 254-III Заңы редакциясында): «Ешкімнің өз бетінше адам өмірін қиюға хақысы жоқ. Өлім жазасы адамдардың қаза болуымен байланысты террористік қылмыстар жасағаны үшін, сондай-ақ соғыс уақытында ерекше ауыр қылмыстар жасағаны үшін ең ауыр жаза ретінде заңмен белгіленеді, ондай жазаға кесілген адамның кешірім жасау туралы өтініш ету хақы бар».

Осы ережені біздің ойымызша, көрсетілген қылмыстар үшін міндетті түрде өлім жазасы тағайындалуы тиіс императивті нұсқау ретінде емес, рәсім анықтамасы ретінде, яғни, «заңмен белгіленеді», және де, қолдану аясы «адамдардың қаза болуымен байланысты террористік қылмыстар жасағаны үшін, сондай-ақ соғыс уақытында ерекше ауыр қылмыстар жасағаны үшін» шектеулі екенін түсіну керек.

Яғни, Конституцияда өлім жазасын террористік және әскери қылмыстар үшін жаза ретінде қылмыстық заңында **міндетті** бекітілуі туралы норма жоқ, осындай жаза түрі **заңмен** бекітілуі тиіс екенін ғана белгілейді. Көрсетілген қылмыстар жасалған барлық жағдайда қылмыстық заң құжаттары балама жаза шараларын, оның ішінде өмір бойы бас бостандығынан айыруды көздейтіні осыны растайды.

Өлім жазасының, оның ішінде, айтылған қылмыстарда үшін, қылмыстық заңда жоқтығы ҚР Конституциясына қайшы келмейді, әсіресе, конституциялық нормаларға бір-бірімен байланыста қарағанда. Мысалы, ҚР Конституциясы 1-б. 1-т.1былай дейді: «Қазақстан Республикасы өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырады, оның ең қымбат қазынасы - адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары».

Сонымен, өлім жазасын қылмыстық заңнан алып тастау бір жағынан, ҚР Конституциясына қайшы келмейді, ал, екінші жағынан АСҚХП-ң Екінші Қосымша Хаттамасын ратификациялау жолынан барлық кедергілерді алыптастайды.

II

ҚР Конституциясына сәйкес, Қазақстан Республикасында қолданылатын құқық Конституцияның, соған сәйкес заңдардың, өзге де нормативтік құқықтық актілердің, халықаралық шарттары мен Республиканың басқа да міндеттемелерінің, сондай-ақ Республика Конституциялық Кеңесінің және Жоғарғы Соты нормативтік қаулыларының нормалары болып табылады.

Республика бекіткен халықаралық шарттардың Республика заңдарынан басымдығы болады және халықаралық шарт бойынша оны қолдану үшін заң шығару талап етілетін жағдайдан басқа реттерде, тікелей қолданылады.

Халықаралық келісімдер құқығы туралы Вена Конвенциясы 27-б. 1-т. сәйкес (Қазақстан Республикасы осы Конвенцияға 1993 ж. 31 наурызда қосылды): «**Қатысушы келісімді орындамаудың сылтауы ретінде өзінің ішкі құқықтың ережелеріне сілтеме жасай алмайды**».

ҚР Конституциясы ҚР ішкі құқығының бір бөлігі болып табылатыны айдан анық. Қазақстан Республикасының Халықаралық келісімдер құқығы туралы вена Конвенциясына қосылуы қатысушы мемлекеттің ішкі құқығының ережелеріне сілтемей, өзі ратификациялаған халықаралық келісімдерді орындау міндетін бекітті.

Одан бетер, Қазақстан Республикасы мойындаған халықаралық құқықтың осы ережесі біздің ойымызша, «ҚР Конституциясы 54-б. 7)-т. ресми түсіндіру туралы» ҚР Конституциялық Кеңесінің 2006 ж. 18 № 2 мамырдағы Қаулысына сілтеу жасаудың мәнін кетіреді. Оған сәйкес, «...Конституциялық Кеңес, Қазақстан Республикасының халықаралық шарты немесе оның жекелеген ережелері белгіленген тәртіппен, Негізгі Заңның 4-бабының 2-тармағына сай Республиканың аумағында ең жоғары заңдық күші бар Республика Конституциясына қайшы деп танылған жағдайда, мұндай шарт толығымен немесе Конституцияға сәйкес емес деп танылған бөлігінде орындауға жатпайды деп пайымдайды».

ҚР Конституциялық Кеңесінің осы тұжырымы бұл Қаулының соңғы бөлімінде де орын тапты. Онда былай делінген: «...4. Қазақстан Республикасының халықаралық шарты немесе оның жекелеген ережелері белгіленген тәртіппен Республика Конституциясына қайшы деп танылған жағдайда, мұндай шарт немесе оның тиісті ережелері орындауға жатпайды».

ҚР Конституциялық Кеңесінің Қаулылары ҚР Конституциясы сияқты, ҚР ішкі құқығының бөлігі болып табылады және Халықаралық келісімдер құқығы туралы Вена Конвенциясына сәйкес, ҚР ратификациялаған халықаралық келісімнің ережелерін орындамаудың заңды негізі болып табылмайды.

Сондықтан, өлім жазасы сияқты жаза шарасы қылмыстық заңда жоқ бола тұрып, Қазақстан Республикасының АСҚХП-ң екінші Қосымша Хаттамасына қосылып, ратификациялауы біздің пікірімізше, еш конституциялық кедергі туғызбайды, ал, осы халықаралық келісім ҚР ратификациялаған адам құқықтары жөніндегі басқа да халықаралық келісімдермен бірге ішкі құқық нормаларына қарағанда басым болады және өлім жазасын қолданбауға керекті заң құжаттары базасын құрады.

III

Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінде әскери қылмыстар үшін өлім жазасын сақтаудың және кейін АСҚХП-ң Екінші Қосымша Хаттамасына қосылып, ерекше шартпен ратификациялаудың біздің ойымызша, үлкен маңызы жоқ.

Қазақстан Республикасы қазір соғыс әрекеттеріне қатыспайды, оның аумағында қарулы қақтығыстар жоқ және осыған байланысты, аумағында жасалмайтын қылмыстар үшін қылмыстық заңда осындай жаза шарасын сақтаудың еш қоғамдық керектігі жоқ.

Ал, осы жаза түрін «болашаққа», керек болғанда алдын алу шарасы ретінде сақтап қалу ел басшылығының өлім жазасын біртіндеп толығымен жою бойынша саяси ерігімен келіспейді.

Елімізде жоқ соғыс кезіндегі қылмыстар үшін өлім жазасын қылмыстық заңда сақтап қалу АСҚХП-ң Екінші Қосымша Хаттамасын ратификациялағанда ерекше шарт қоюға толық негізделмеген ниет болып көрінеді.

Осыдан басқа, ҚР Конституциясы 15-б. 2-т. қолданған мәтіні АСҚХП-ң Екінші Қосымша Хаттамасы 2-б. 1-т. сәйкес, болжамды ерекше шарттың мәтінімен келіспейді.

ҚР Конституциясы 15-б. 2-т. **соғыс кезінде жасалған аса ауыр қылмыстар** туралы айтылған, ал, АСҚХП-ң Екінші Қосымша Хаттамасы 2-б. 1-т. **соғыс кезінде жасалған әскери мінезді ең ауыр қылмыстар** туралы айтылады.

АСҚХП-ң Екінші Қосымша Хаттамасы 2-б. 1-т. қолданылған мәтінге қарағанда, ҚР Конституциясы 15-б. 2-т. қолданылған мәтінде маңызды квалификациялық белгі

ескерілмегені анық көрінеді, яғни, соғыс кезінде жасалған барлық аса ауыр қылмыстар емес, **әскери мінезді** қылмыстар ғана.

Қылмыстық заң құжаттарында өлім жазасын соғыс кезінде жасалған аса ауыр қылмыстар үшін сақтап қалғанымен, мәтіндердің келіспеуі АСҚХП-ң екінші Қосымша Хаттамасын ерекше шартпен ратификациялауын одан бетер қиындатады.

IV

Қазақстан Республикасында өлім жазасын жою туралы мәселені қарау жөніндегі Комиссияның үшінші отырысында таратылған Қазақстан Республикасында өлім жазасын қолдану туралы мәселесін бойынша пікір білдіру материалдарына Қосымшада террористік қылмыстар үшін өлім жазасын қолдануға байланысты дәлелдер де толық негізделмеген болып көрінеді.

Халықаралық қауымдастық расында да террор әрекеттерін халықаралық құқық тәртібіне және бүкіл адамзаттың мүдделеріне төнген елеулі қауіп деп қарайды. Осыған қарамастан, бұған байланысты ешбір БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесі шешімдері, БҰҰ конвенциялары мен халықаралық ұйымдар қабылдап, терроризммен күресуге бағытталған басқа да халықаралық құжаттарда террористік қылмыстар үшін өлім жазасын қолдану туралы бір де бір рет айтылмайды.

АСҚХП-ң екінші Қосымша Хаттамасына қатысушы мемлекеттердің ешқайсысы, оның ішінде террористік әрекеттерге тап болғандар да (Ұлыбритания, испания т.б.) осы халықаралық келісімді қайта қарау мәселесін көтерген жоқ.

Осыған ұқсас, террористік әрекеттерден зардап шеккен қатысушы мемлекеттердің ешқайсысы өз қылмыстық заң құжаттарына өзгеріс енгізіп, осындай жаза шарасын қайта қолдану мәселесін қойған жоқ.

Соңғы жылдары жасалған террористік әрекеттердің ішінде ең ауқымды, жаппай кісі өлімі мен қиратуға әкеліп соққандарды өлімші терроршылар жасағандар болып табылады.

Халықаралық деңгейде өткізілген зерттеулер өлім жазасы аса ауыр қылмыстарды азайтатын себепболудың еш дәлелі жоқ болғанымен қоса, онсызда алдамшы тақуалық ниетпен өмірлерін қиып, террористік қылмыстарды орындайтын өлімшілерге қатысты өлім жазасын сақтап қалудың еш мәні жоқ.

Терактілерді ұйымдастырушыларға келсек, тәжірибе көрсеткендей, террористік қылмыстар үшін өлім жазасын орнату да шектеуіш фактор болып табылмайды. Ол үшін қылмыстық заң құжаттарында осындай жаза түрінің бар болғаны елді 11 қыркүйектегі терактілерден қорғап қалмаған АҚШ тәжірибесін еске түсіру жеткілікті.

21-ғасырда террористік қылмыстар елеулі дәрежеде халықаралық мінезге ие болды. Осы мәселеге байланысты халықаралық тәжірибені қарау керек.

1998 ж. қабылданып, 2002 ж. күшіне енген Халықаралық Қылмыстық Соты Рим Статутының 5-б. 1-т. сәйкес, *«Сот юрисдикциясы бүкіл халықаралық қауымдастықтың ренішін тудыратын ең елеулі қылмыстармен шектеледі. Осы Статутқа сәйкес, Сот юрисдикциясы келесі қылмыстарға таралады:*

- a. геноцид қылмыстары;*
- b. адамгершілікке қарсы қылмыстар;*
- c. әскери қылмыстар;*
- d. қылмысты агрессиялар».*

Яғни, Халықаралық Қылмыстық Сот жиі жағдайда халықаралық мінезі бар және көптеген адамдардың өліміне әкеліп соққан ең елеулі қылмыстар бойынша істерді қарайды.

Осыған қарамастан, Халықаралық Қылмыстық Соты Рим Статутының 77-б. сәйкес, «... Сот осы Статуттың 5-б. көзделген қылмыс жасағаны үшін кінәлі деп табылған тұлғаға келесі жаза түрлерінің біреуін тағайындауы мүмкін:

- a. ең көбі 30 жылдан аспайтын белгілі мерзімге бас бостандығынан айыру немесе
- b. қылмыстың аса ауыр мінезімен және оны жасағаны үшін кінәлі болып табылған тұлғаның жеке мән-жайларымен расталатын жағдайларда өмір бойы бас бостандығынан айыру.

2. Бас бостандығынан айырудан басқа, Сот мынадай жаза тағайындауы мүмкін:

- a. Рәсім және дәлелдеу Ережелерінде көзделген шарттарға сәйкес айып-пұл төлету;
- b. қылмыс нәтижесінде тікелей немесе астыртын алынған табыс, мүлік пен активтерді bona fide үшінші жақтарға зиян келтірмей, тәркілеу».

Яғни, халықаралық мінезі бар және нәтижесінде адамдардың (кей кезде жаппай) өліміне әкеліп соққан аса ауыр қылмыстар үшін ең қатаң жаза түрі өмір бойы бас бостандығынан айыру болып табылады.

100-ден аса мемлекет ратификациялаған Халықаралық Қылмыстық Сотының Рим Статутында өлім жазасын сөзсіз және толық жою халықаралық бағыты байқалады, оның ішінде дүние жүзі қауымдастығының ренішін тудыратын ең елеулі қылмыстары үшін.

Осыған байланысты, еліміздің қылмыстық заң құжаттарында террористік және әскери қылмыстар үшін сондай қылмыстардың елеулігіне халықаралық ренішін сылтау ретінде қолданып, осындай жазаны сақтап қалу ұсынысы негізсіз және бірізді емес болып көрінеді.

V

Бейбіт кезінде геноцид үшін өлім жазасын алып тастап, соғыс кезіндегі геноцид үшін оны енгізу бөлігінде ҚР ҚК-ң 160-б. өзгертулер мен толықтырулар енгізуді дәлелдеу негізсіз және жасанды болып табылады.

Геноцид ауырлататын жағдайда кісі өлтіру немесе диверсия жасау сияқты аса ауыр қылмыстарға жатады, бірақ, террористік, әскери не әскери мінезді қылмыстарға жатпайды. 1948 ж. 9 желтоқсандағы Геноцид қылмысының алдын алу және ол үшін жазалау туралы Конвенцияның 1-б. геноцид **бейбіт кезінде не соғыс кезінде жасалғанына қармастан**, халықаралық құқық нормаларын бұзатын қылмыс болып табылатыны және тараптар оған қарсы алдын алу шараларын қолданып, оны жазалауға міндеттенетіні расталған. Сонымен, геноцид бейбіт кезде, соғыс кезінде де бірдей нәтижелі жазалануы тиіс. Оның қоғамдық қауіптілігі соғыс кезінде не бейбіт кезде жасалуына байланысты өзгермейді. Халықаралық Қылмыстық Сотының Статутына сәйкес, геноцид үшін тағайындалуы мүмкін ең жоғарғы жаза өмір бойы бас бостандығынан айыру болуы мүмкін (Статуттың 77-б.).

VI

Заңның осы жобасын қабылдаған жағдайда шын мәнінде, өлім жазасын кез келген аса ауыр қылмыс үшін енгізу мүмкіндігі сақталып қалады. Ол соғыс кезінде адамның өміріне қол сұғуға міндетті түрде байланысты емес болуы мүмкін, өйткені, осы квалификациялық белгі ҚР ҚК-ң 49-б. алынып тасталған. ҚР ҚК-ң 49-б. ескі редакциясы өлім жазасын соғыс кезінде не ұрыс жағдайда жасалған қылмыстар, мемлекеттік сатқындық, бейбітшілікке және адамзаттың қауіпсіздігіне қарсы қылмыстар мен аса ауыр әскери қылмыстар үшін көздеген болатын. ҚР ҚК-ң 49-б. жаңа редакциясына сәйкес, өлім жазасын қолдану мүмкіндігі тек мемлекеттік

сатқындық, бейбітшілікке және адамзаттың қауіпсіздігіне қарсы қылмыстар мен аса ауыр әскери қылмыстар үшін ғана емес, соғыс кезінде жасалған барлық аса ауыр қылмыстарға таралады.

Мысалы, Заң жобасы соғыс кезінде ауырлататын жағдайда жасалған кісі өлтіргені үшін өлім жазасын қолдануға рұқсат береді (Заң жобасының 96-б. 3-б.).

Сонымен, Заң жобасы соғыс кезінде өлім жазасын қолдану мүмкіндігін кеңейтеді, оның ішінде жалпы қылмыстық қылмыстар үшін. Осындай көзқарас Қазақстан Республикасының **өлім жазасын біртіндеп толық жою** саясаты шеңберінде дұрыс емес және негізсіз болып табылады. Өлім жазасын (әскери мінезді қылмыстар емес) жалпы қылмыстық қылмыстар үшін қолдану мүмкіндігін сақтау және кеңейту дүние жүзілік бағытқа қайшы келеді. ЕҚЫҰ аймағында бейбіт кезде өлім жазасын қолданудан бас тартқан елдердің ішінде Латвия ғана жалпы қылмыстық қылмыс үшін (яғни, соғыс кезінде аса ауырлататын жағдайда кісі өлтіру үшін) өлім жазасын қолдану мүмкіндігін сақтап жүр.

Жалпы, 2010 ж. Төрағасы Қазақстан Республикасы болатын ЕҚЫҰ-на мүше 56 елдің ішінде 50 мемлекет өлім жазасын толық жойған.

Өлім жазасын жекелеген аса ауыр қылмыстар үшін сақтап қалу керектігінің қайсыбір негізін іздеу емес, осы жаза түрін қылмыстыққа құжаттарынан мүлдем алып тастау жалпы ұстам болуы тиіс.

VII

Заң жобасын АСҚХП-ң Екінші Қосымша Хаттамасына сәйкес келтіру керектігіне қатысты келіспеушіліктер Хаттамасында келтірілген ҚР Жоғарғы сотының көзқарасын қолдау керек.

СОҢЫ

Жоғарыда айтылғанға байланысты, **Қазақстан Республикасының қылмыстық заң құжаттарынан өлім жазасын толық алып тастау жөнінде көзге көрінерлік және негізді шешім қабылдау керек** деп ойлаймыз.

Осыған сәйкес, **«Қазақстан Республикасының кей бір заң актілеріне өлім жазасы мәселесі бойынша өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы» Заң жобасынан өлім жазасы сияқты жаза түрін алып тастау керек.**

Тіпті болмағанда, ҚР ҚК 49-б. 1-б. (Жалпы бөлімі) өзгерту енгізіп, мынадай редакцияда мазмұндау керек: **«1. Өлім жазасы ату түрінде жазаның ең жоғарғы мөлшері ретінде осы Кодекстің 167, 233-баптарында көзделген кісі өліміне әкеліп соққан террористік қылмыстар үшін, сонымен бірге, соғыс кезінде жасалған әскери мінезді аса ауыр қылмыстар үшін ғана тағайындалуы мүмкін және осы Кодекске сәйкес, сотталғанға рақым сұрау құқығы беріледі. «... тағайындалуы мүмкін» сөздері ҚР қылмыстық кодексінің Арнайы бөлімінде өлім жазасы сияқты жаза түрін бекітпеуге мүмкіндік беретінін ескеру керек. Бірақ, оны да әстеу тиімсіз. Ал, АСҚХП-ң екінші Қосымша Хаттамасын ратификациялағанда бұл норма халықаралық келісімге қайшы келіп, осы жерде халықаралық құқық нормалары басым болатынын айтпауымызға да болады.**

Дәл сол уақытта Қылмыстық кодекстің Арнайы бөлімінен өлім жазасын толық алып тастау керек.

Келіспеушіліктер Хаттамасынан анық болғандай, ҚР Өділет министрлігі ҚР Конституциясының 15-б. императивті болып табылады, яғни, осы бапта көрсетілген қылмыстар үшін өлім жазасын қылмыстық заңда **міндетті түрде** бекітілуін аңғартады.

Сол Келіспеушіліктер Хаттамасына сәйкес, ҚР Конституциясы 15-б. осы түсіндірмесімен ҚР Жоғарғы сот келіспейді. Біз оның пікірін қолдаймыз, әсіресе, Конституция нормаларын өзара байланыста және бағынушылықта қолдану керектігін ескерсек.

Осыған байланысты, ҚР Конституциялық Кеңеске сұраныс жіберу құқығына ие органдар мен тұлғалардан осы Заң жобасын ҚР Конституциялық Кеңеске жіберіп, өлім жазасын міндетті (міндеттеі емес) түрде қылмыстық заңда бекіту және «террористік қылмыстардың» ресми түсіндірмесін беру өтінішін жолдауды сұраймыз.

2008 ж., Наурыз